

# ПСИХОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУ: МӘСЕЛЕЛЕР МЕН БОЛАШАҒЫ

**Бердібаева Света Қыдырбекқызы,**  
*психолог.ғ.д., профессор,  
ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-і<sup>1</sup>.*

**Садырова Айнур Туралиевна,**  
*психология магистрі,  
Каспий Қоғамдық Университеті<sup>2</sup>.*

**Таипова Зульфия Масимжанкизи,**  
*педагогика ғылымдарының магистрі,  
Каспий Қоғамдық Университеті<sup>2</sup>*

**Айтқулова Жаныл Бокеевна,**  
*доцент, Т. Жүргенов атындағы Қазақ  
Ұлттық Өнер Академиясы<sup>3</sup>*

**Тлеубай Аяжан Ордабаевна<sup>1</sup>**  
*3 курс студенті, жалпы және қолданбалы  
психология кафедрасы, ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-і<sup>1</sup>*

**Аннотация.** Мақалада психологияны оқыту мәселесі, оның негізгі сұрақтары, білім беру процесінің субъектілерінің психология пәнін қабылдауы мен түсінуінің ерекшеліктері қарастырылады. Сонымен қатар психологияны оқытудағы көптеген шет елдік зерттеулер жан-жақты талданады.

**Түйін сөздер:** білім беру жүйесі, психологияны оқыту, оқу процесі, интеллектуалдық құзыреттілік, жүйелік ықпал.

**Аннотация.** В статье рассматривается проблема преподавания психологии, ее основные вопросы, особенности восприятия и понимания предмета психологии субъектами образовательного процесса. При этом всесторонне анализируются многие зарубежные исследования в области психологии.

**Ключевые слова:** система образования, психология преподавания, процесс обучения, интеллектуальная компетентность, системный подход.

**Abstract.** The article examines the problem of teaching psychology, its main issues, the peculiarities of perception and understanding of the subject of psychology by subjects of the educational process. At the same time, many foreign studies in the field of psychology are comprehensively analyzed.

**Key words:** education system, psychology of teaching, learning process, intellectual competence, systematic approach.

Білім беру жүйесі қазіргі заманғы прогреске тәуелді болып табылады және білім беру жүйесінің сапасы елдердің ұзақ мерзімді саяси және экономикалық табыстарына үлкен әсер етеді. Жаһандық бәсекеге қабілеттілік білім беру жүйелерін қамтиды және осылайша сапалы білім беру жүйесінің маңыздылығын көрсетеді.

Болашақ маманды дайындаудың жетістігі көп жағдайда студенттің білім беру процесіне қатысушылармен өзінің өзара әрекетке түсетін субъектісі ретінде ұстанатын пікірлерімен байланысты болады. Дегенмен, барлық студенттер нәтижелі позицияны ұстана бермейді. Негізгі мақсат, студенттердің білім алудағы өзара әрекеттесу процесінде болашақ маманды табысты дайындауға кедергі келтіретін позицияларды жеңудің себептері мен жолдарын анықтау.

Білім беруде нәтиже бермейтін жағдайлардың себептері келесідей: мәдени дамудың төмен деңгейі, мамандықты игеруге қызығушылықтың және өзінің кәсіби болашағы туралы түсініктердің болмауы. Студенттердің субъективті позицияларының өзгеру динамикасы, дамытудың негізгі ресурсы оқытушының ұстанымы, оның шығармашылық тұлғасы және кәсіпке деген өзіндік көзқарасын көрсету маңызды сұрақтардың бірі болып саналады.

Сондай-ақ келесі жағдайда өте маңызды: коммуникативті дайындық пен кәсіби іс-әрекетке баса назар аудару; мамандықты меңгерудегі сәттіліктің көрінісіне ықпал ету, өзіндік жұмыс пен өндірістік практиканы ұйымдастыру кезінде субъектінің ұстанымын жаңарту тәсілдерінің репертуарын кеңейту.

Жалпы дағдыларды, соның ішінде әлеуметтік және эмоциялық құзыреттілікті дамыту қазіргі заманғы жоғары білім берудің маңызды мақсатына айналды. Заманауи әлемдегі білім қазіргі заманғы ақпараттандырылған қоғам рухында - жүйелік, пәнаралық, жалпылама түрде ұсынылғанда ғана адамның өте сәтті әлеуметтік бейімделуіне ықпал етеді. Білім алудың ең маңызды көздері психологиялық-педагогикалық ғылым мен практиканың озық жетістіктерін, оқу-тәрбие және қоғамдық жұмыс тәжірибесін көрсететін психологияның әртүрлі мектептерінің классиктерінің еңбектері, монографиялық басылымдар, мерзімді басылымдар болып табылады.

Қоғам шешіп отырған заманауи мәселелер психолог мамандардан конструктивті және өнімді психологиялық-педагогикалық технологияларды меңгеруді талап етеді. Психологтың кәсіби іс-әрекетінің көп қырлы мәселелерін тұлғаның жеке ерекшеліктері, ұжым психологиясы мәселелері бойынша педагогтың хабардарлығын және әлеуметтік байланыстар мен әлеуметтік-психологиялық сипаттамалардың нақты жүйесін білуін есепке алмай шешу мүмкін емес.

Психологияны оқытудың сәтті болуы тек теориялық, методологиялық және қолданбалы аспектілерін меңгерумен ғана емес, әрі практикалық мәселелерді шешудегі маманның беделімен де көбінесе байланысты болады. Қазіргі психологиялық білім мен психологиялық-педагогикалық жұмыстың озық тәжірибесін игеруге, өзін-өзі жетілдіруге деген қоғамның объективті қажеттілігін қанағаттандыру озық ғылыми ойдың нақты мүмкіндіктерімен сәйкес келеді.

Шетелдік зерттеулердің талдау нәтижелері студенттердің жоғары білімді қабылдауына мәдениет пен жүйелердің ықпалын түсінуді көрсетеді. Біз жаһандық бәсекеге қабілетті бизнес-ортада әрекет етуді жалғастыра отырып, білім берудің жаһандану мәселелерін назардан тыс қалдыруға болмайды.

Студенттердің білімге деген көзқарасы мен бағдары олардың академиялық шешімдеріне, үміттеріне және үлгеріміне одан әрі әсер етуі мүмкін. Психометриялық талдау мен сұхбатқа негізделген шетелдік зерттеулер студенттер арасында білім беру бағдарының жалпыланған екі түрі бар екенін көрсетті: оқуға бағдарланған тип және бағалауға бағдарланған тип (Alexitch&Page, 1996; Katchadurian & Boli, 1985) [1].

Біріншісі, ең алдымен, үйлесімділік, тұлғалық өсу, оқу процесі және интеллектуалдық құзыреттілік сияқты құндылықтарға назар аударады, әрі осы типтегі студент ішкі құндылықтарды қолдайды. Бағалауға бағытталған студенттер, ең алдымен, бағалар, мәртебе, бәсекелестік және тану сияқты мәселелерге назар аударады және сыртқы құндылықтарға көбірек қызығушылық танытады (Alexith, 1994; Rich, 1990; Stark, Bentley & Lowther, 1991) [2,3,4].

Шетелдік зерттеушілер оқуға бағдарланған студенттердің ең жоғары бағаға қол жеткізгенін және сонымен бірге университеттегі тәжірибесіне қанағаттанушылықтың ең жоғары деңгейін көрсеткенін анықтады (Alexith, 1994) [2]. Осылайша, студенттер жоғары білімге деген көзқарастарын оқуға бағдарланған тәсілге ауыстыра алса, университеттегі тәжірибесінің сапасын жақсарта алар еді.

Электронды ақпарат құралдары, интернет, коммуникация және интерактивті технологиялар да студенттерге психология пәнін игеруге көмекке келеді. Психологияны оқыту бағдарламасын ойдағыдай жүзеге асыруға мақсат қою үшін оқытушылар мен студенттер үшін даму, тәрбие, білім беру және оқыту сұрақтары маңызды орын алатынын түсіне отырып, осы мәселелерге олардан шығармашылық көзқарасты талап етеді.

Әрбір студент үшін психологияны оқудың негізгі мақсаты қазіргі заманғы психологиялық және практикалық сипаттамалардың артықшылығын меңгеру болып табылады. Студенттер ақпараттың тез өсуіне және оны есте сақтауға уақыттың аздығына жиі шағымданады.

Шындығында, жад жүктемесі психологияны оқудағы сипаттамалардың артық болуына байланысты.

Кейде ғылымға жаңа терминдер енгенімен, шындығында олар туралы жаңа ақпараттар бола бермейді. Жүйелік ықпал тәртіпті немесе үлгіні анықтауға негіз болады және қажетсіз барлық нәрсені алып тастауға көмектеседі. Психологияны оқу кезінде студенттердің алдынан көптеген фактілер, әртүрлі эксперименттерді сипаттау сияқты сұрақтар туындайды және олар белгілі бір жүйе құра алмаса, есте сақтау шынымен қиын. Тек білім жүйесі ғана материалды жаттап қана қоймай, оны түсінгендей сезім тудырады.

Қазіргі психологияда адам өзінің шығармашылық күштерінің толықтығында жеке тұлға ретінде көрінеді. Психологияның пәні-адамның дүниеге, басқа адамдарға және өзіне деген қатынасы, ал қатынастардың жүйелік категориясы іс-әрекет категориясына қарағанда кең мағынаға ие. Гуманистік ықпал адамды индивидуалдылық деп қарастырса, жүйелік көзқарас зерттелетін құбылысты сипаттауда категориялық толықтықты қамтамасыз етудің дербес тәсілі деп түсіндіреді.

Жүйелік ықпалдың арқасында әртүрлі сипаттау тілдерін пайдалана отырып, әртүрлі ғылымдарда бір объект туралы алынған деректердің қарама-қарсылық жағдайы жойылады. Бұл жағдайда жүйелік ықпал әртүрлі ғылым өкілдері үшін аудармашы қызметін атқарады, бір жүйенің сипаттамасында объективті түрде ортақ құрамды анықтау негізінде бір-бірін түсінуге мүмкіндік береді, міне осы жағдай психологияны оқытуда негіз болып табылады.

Психологияны оқыту басқа адамдардың мінез-құлқын анықтайтын жағдайларды түсіну және түрлендіру тәсілдерін меңгеруге ғана емес, сонымен бірге адамның өз өмірі мен санасының жағдайларын өзгертуге де бағытталған. Бұл қажеттілік - басқаларды тану, өзін-өзі тану - психологияны меңгеру мақсатына жетудегі қиындықтардың бірі, өйткені ол когнитивтік және тұлғаны түрлендіруші көзқарастардың үйлесімін болжайды.

Оқыту процесінде жеке тұлғаның қажеттіліктері, әлеуметтік мінез-құлық мотивтері, әрекеттері, құндылықтары мен құндылық бағдарлары және дүниетанымы да қалыптасады. «Инновация» (инновация) түсінігі инновация ретінде және осы жаңалықты тәжірибеге енгізу процесі деп анықталады. Инновациялық оқыту мәдениеті оқу процесін жүйелі түрде қайта құруды көздейді. Авторитарлық билік позициясы жоғалады, оның орнына демократиялық өзара әрекеттестік, ынтымақтастық, студенттің ұстанымы мен бастамасына, оның тұлғасының өсуіне назар аудару позициясы бекітіледі. Бұл ұстаным жалпы педагогикалық жұмысты қайта құрылымдауды талап етеді.

Бірінші компонент-білімнің қызметі мен құрылымының өзгеруі және оны меңгеру процесін ұйымдастыру тәсілдері. Сондықтан оларды сіңіру процесі үйреншікті есте сақтау және қайта жаңғырту сипатын жоғалтып, өнімді шығармашылық процесс ретінде ұйымдастырады.

Екінші компонент-жеке тұлғаға емес, оқудың топтық формаларына, бірлескен іс-әрекетке, ынтымақтастық пен бірлесіп құруға бағдарланумен байланысты оқыту мен тұлға дамуының әлеуметтік сипатын көрсетеді. Үшінші компонент бақылау мен бағалаудың репрессиялық, басым рөлден бас тартуымен, оқыту мен тәрбиелеудің тиімділігін бағалау критерийлерінің өзгеруімен байланысты.

Кең мағынада оқу-адамның өркениет жинақтаған әлеуметтік тәжірибені игеруі. Бұл қоғамның жастарды белсенді әлеуметтік және кәсіби қызметке дайындау қажеттілігінен туындап отыр. Психологияны оқытудың мақсаты-теориялық және практикалық білімдер мен адамдар өмірінің әртүрлі жағдайларында өзара әрекеттесу мен қарым-қатынас құру әдістерін меңгеру. Оқыту әдістерінде бүкіл оқу процесінің тиімділігі, негізінен педагогиканың жалпы теориясынан, жеке оқу пәндерін оқыту әдістемесінен және оқыту процесінің нәтижелігінен байланысты болады, оған жүздеген іргелі зерттеулер арналады.

«Әдіс» ұғымына да жүздеген анықтамалар берілген. Ю.К.Бабанский оқыту әдісін «оқу материалын меңгеру арқылы белгілі бір мақсаттарға жетуге бағытталған мұғалім мен оқушылардың өзара әрекеттесу әдістерінің дәйекті кезектесуі» деп түсінеді [5, б. 303]. И.Я.

Лернердің пікірінше, «әрбір әдіс-бұл көздеген мақсатқа сәйкес нәтижеге жетуге әкелетін адам әрекеттерінің бірізділігін сезіну жүйесі» [6].

«Әдіс» сөзі (грек тілінен аударғанда *metodos* – «зерттеу») табиғат құбылыстарын зерттеу әдісі, мақсатқа жету әдісі, зерттелетін құбылыстарға көзқарас, ғылыми танымның жүйелі жолы және шындықты бекіту дегенді білдіреді. Жалпы мағынада әдіс дегеніміз - белгілі бір мақсатқа жету жолы, шындықты практикалық немесе теориялық тұрғыдан дамытуға арналған әдістер немесе операциялар жиынтығы деп айта аламыз.

Оқытудың ең мықты, жақсы әдісі-кез келген оқу саласында табысқа жетудің кепілі. Оқыту әдісі түсінігі мыналарды көрсетеді:

1. Оқыту міндеттерін шешуге бағытталған оқу процесінің субъектілерінің (оқытушы мен оқушы, тыңдаушы) бірлескен іс-әрекетінің тәсілдері.

2. Әртүрлі оқу мақсаттарына жету үшін олардың жұмысының ерекшеліктері. Құрылымдық тұрғыдан әдіс тәсілдердің реттелген жиынтығы ретінде әрекет етеді. Оқу-тәрбие процесінде әдістер келесі функцияларды орындайды: оқыту (оқыту мазмұны мен мақсаттарын тәжірибеде жүзеге асыру); дамытушы (жетілдіруші).

3. Тәрбиелеуші (тәрбие нәтижелеріне әсер етеді); ынталандырушы (оқытуға ояту құралы ретінде және танымдық белсенділікті ынталандыру құралы ретінде әрекет ету); бақылау және түзету (оқу процесін диагностикалау және басқару).

Оқыту әдістері осылайша келесідей функционалдық жүктемені көтереді: олар барлық деңгейдегі өзара әрекеттесу жүйесінің негізгі буындарын анықтайды (оқытушы – студент, студент – студент, оқытушы – студенттер тобы); студенттердің танымдық әрекетін ұйымдастыру құралы ретінде әрекет етеді; студенттердің оқу іс-әрекетінің әдістемелерінің жүйесін қалыптастырады; ұжымға және жеке оқушыларға тәрбиелік ықпал ету құралы болып табылады.

Психологиялық-педагогикалық білімнің қазіргі жағдайы қоғамның сан қырлы міндеттеріне және әрбір адамның қажеттіліктеріне толық жауап бере алмайды. Бұл оны туыстас жаратылыстану, әлеуметтік және технологиялық ғылымдардың жаңа жетістіктерімен байытуды қажет етеді. Нәтижелі психологиялық-педагогикалық тәжірибені меңгеру үшін студенттің жоспарлы сабақтармен шектеліп қалмай, психологиялық-педагогикалық мәдениетін көтеруге жүйелі жұмыс жасауы маңызды.

Қазіргі уақытта психологияны оқыту бағдарламаларының екі негізгі түрі бар: 1) пәнге бағдарланған; 2) тұлғаға бағдарланған. Пәнге бағдарланған бағдарламаларда психология-оқытудың зерттеу пәні ретінде әрекет етеді. Бұған пәннің бағдарламасы, оны оқу нәтижесінде студенттер меңгеруі тиіс білімдер мен дағдылардың тізімі, сонымен қатар оларды практикалық қолдану дағдылары жатады. Бағдарлама ғылыми немесе практикалық бағытта да болуы мүмкін.

Практикада оқытудың ассоциативті-рефлексивті концепциясы, ақыл-ой әрекеттерін кезең-кезеңімен қалыптастыру теориясы, мәселелік оқыту теориясы, мәселелік оқыту тұжырымдамасы, бағдарламаланған оқыту тұжырымдамасы, инновациялық оқыту концепциясы белсенді түрде қолданылады.

Мәселелік оқытудың негізгі функциялары-оқу материалын шығармашылықпен меңгеру және шығармашылық әрекеттегі тәжірибені игеру. Қазіргі уақытта бағдарламаланған оқыту теориясына сәйкес компьютерлік технологиялар белсенді түрде дамып келеді. Оқу процесінде электронды компьютерлік технологияны қолдану оқу сабақтарын анықтамалық-ақпараттық қамтамасыз етуге, оқу материалын берудің белгілі бір логикасын сақтауға, ұсынылғандардың жиынтығынан дұрыс жауапты таңдау жағдайларын жасауға немесе оны құрастыру және стандартпен салыстыру үшін компьютерге енгізуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер мен университеттердің тәжірибесін талдау оқу орындарының тәжірибесінде педагогикалық инновацияларды қолдану қарқындылығының жеткіліксіз екендігін көрсетеді. Педагогикалық инновациялардың жүзеге аспауының кем дегенде екі себебін анықтауға болады. Біріншісі, инновация, әдетте, қажетті кәсіби сараптама мен сынақтан өтпейді. Екінші

себеп, педагогикалық инновацияларды енгізуге бұрын не ұйымдастыру, не техникалық, не тұлғалық, не психологиялық тұрғыдан дайындалмаған.

Педагогикалық инновациялардың мазмұны мен критерийлерін нақты түсіну, оларды қолдану әдістерін меңгеру жекелеген оқытушыларға да, оқу орындарының басшыларына да олардың жүзеге асырылуын объективті түрде бағалауға және болжауға мүмкіндік береді.

Білім беру ұйымдарында инновацияларды табысты енгізу үшін инновациялық орта-ұйымдастырушылық, әдістемелік және психологиялық сипаттағы шаралар кешенімен қамтамасыз етілген белгілі бір моральдық-психологиялық орта құрылуы керек. Мұндай инновациялық ортаның жоқтығы оқытушылардың әдістемелік дайындығының жоқтығынан, олардың педагогикалық жаңалықтардан хабардар болмауынан көрінеді.

Психологияны оқытудың мақсаты, жоғарыда айтылғандай, басқа адамдардың мінез-құлқын анықтайтын жағдайларды түсіну және түрлендіру тәсілдерін меңгеру ғана емес, сонымен бірге адамның өзін позитивті өзгерту болып табылады.

Психологияның пәні-психика және оның көріністері, ал объектісі-психиканы иемденген адам. Яғни, адамның өзі де зерттеудің субъектісі (психика және оның көріністері) және объектісі (психиканың тасымалдаушысы) болып табылады. Басқаша айтқанда, психологиядағы білімнің пәні мен объектісі біртұтас тұтастық болып табылады.

Психологиялық зерттеу білім алудың теориялық әдісін, логикалық дұрыс формальды ойлауды ғана емес, сонымен қатар белгілер мен жағдайларды түсіндіру, болжау және бейсаналық аймақтарға ену қабілетін қамтиды. Психологияны зерттеу нәтижелерін тәжірибеде пайдалана отырып, адам өзінің жеке басын басқаруды және басқа адамдармен тиімді қарым-қатынас жасауды үйренеді.

Сонымен, психологияны оқудың мақсаты-психологиялық ойлау қабілетінің қалыптасуын болжай -тын, басқа адамдармен нақты қарым-қатынаста ғылыми психологиялық білімді іс жүзінде басшылыққа алу қабілетін дамыту болып табылады.

Қорыта келе келесі жағдайларға назар салу керек, атап айтқанда, психологияны оқытудың өте маңызды мәселелерінің бірі психология ғылым ретінде және психология пән ретіндегі ерекшеліктерін ажырата білу сұрағы болып отыр. Психологиядағы қазіргі метеодологиялық дағдарыс, яғни зерттеу пәнінің даулы мәселесі, жан мен психиканың арақатынасын ажырату сұрағы, метафизикалық мәселелер, психология мен клиникалық практиканың байланысы, ғылыми психологияны психотехникаға айналдыру мәселесі, когнитивті нейроғылымдардың басымдылығы да көптеген сұрақтарды ашық қалдырады.

Психологияны оқытудың келешегі, оның жасанды интеллектпен байланысы, жаһандандудың психологиялық және әлеуметтік мәселелері, ақпараттық қоғамдағы психологиялық білім беру мәселелері, білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігі, цифрландыру жағдайындағы психологияны оқыту, психологиялық әлауқаттылық және психологиялық білімдер сияқты сұрақтармен үндесіп кету ықтималдылығы жоғарылауда

#### **Әдебиеттер:**

1. Katchadurian, H. &Boli, J. (1985). Careerism and intellectualism among college students, Jossey-Bass, San Francisco. Levine, A. (1981).
2. Alexitch, L. R. (1994). Undergraduate student expectations and perceptions of a university education in the 1990s.
- 3.Rich, S. (1991). Replacing retrenchment with dynamism through a program of career alternatives. Canadian Psychology, 29, 342-355. .
- 4.Bentley, Richard J.; Lowther, Malcolm A, Sum (1991).
- 5.Бабанский, Ю. К. Избранные психологические труды / Ю. К. Бабанский. – М., 1989.
6. Психология и педагогика : учеб. пособие / под ред. А. А. Бодалева, В. И. Жукова, Л. Г. Лаптева, В. А. Сластенина. — М., 2002.